

Мұнара

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТІ



■ Адалдық дегенді қалай түсінеміз? Адал адам деген кім? Адалдық дегенде көз алдымызға ешқашан өтірік айтпайтын, отбасына адал, саудада адал, жұмысына адал адам елестейтіні анық. Шын мәнінде адалдықтың мәні осындай. Өйткені ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үмбетіне адал болуды, әділ болуды өнеге етті. Бүгінгі мақаламызда Алла елшісінің адалдығы турасында баяндаймыз.

АДАЛДЫҚТЫҢ МӘҢГІЛІК ӨНЕГЕСІ

Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы 2026 жылды діни салада «Ислам және адал қоғам» жылы деп жариялады. Адал, әділ, таза қоғам қалыптастыру ісінде дін қызметкерлерінің де насихаты ерекше. Осы ретте біз адалдық пен әділдікті алдымен ардақты Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үйренетініміз анық. Қазақ халқы «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді», «Тура биле туған жоқ, туғанды биле иман жоқ» деп бекер айтпаған. Бабаларымыз адалдықты жай ғана мінез емес, адамның ішкі болмысы деп түсінген. Себебі адалдық жоғалған жерде сенім жоғалады. Сенім жоғалған жерде қоғам әлсірейді. Бүгінде «адал болу» деген сөз көбіне саудада өтірік айтылау немесе біреудің ақысын жемеу деген мағынада ғана қабылданады. Алайда дінміздегі адалдық ұғымы әлдеқайда кен.



(Жалғасы 4-бетте)

СҮННЕТТІ ҚАЛАЙ ЖАНДАНДЫРАМЫЗ?

Ардақты Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бұл дүниеден он төрт ғасыр бұрын өтті. Бірақ оның сүннеті өткеннің мұрасы болып қалған жоқ. Сүннет – тек тарихи естелік емес, өмір сүру әдебі. Сүннет – адамдармен қарым-қатынас мәдениеті және білімге деген құрмет. Сүннет – парасаттылық, аманатқа адалдық, әлсізге мейірім, үлкенге құрмет, кішіге ізет. Сондықтан Пайғамбарды жақсы көру дегеніміз – оның есімін атап, құрмет көрсету ғана емес, ардақты Елшінің өнегесін өз өмірімізге енгізу.



Иә, біздің заманымыз басқа. Қолымызда – ұялы телефон. Алдымызда – жасанды интеллект. Ақпарат алмасуға бірнеше секунд жеткілікті. Әлемнің арғы жағындағы адаммен бір сәтте сөйлесе аламыз. Бірақ технология өзгергенімен, адам жүрегінің негізгі қажеттілігі өзгерген жоқ. Адам әлі де мейірімге мұқтаж. Әлі де әділетті іздейді. Әлі де түсіністік танытуды күтеді. Әлі де білім мен бағытқа сусап отыр. Сондықтан Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннеті бүгін де өзекті. Мәселе оны қалай түсінетінімізде.

(Жалғасы 4-бетте)

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти

ПАЙҒАМБАР ДАНАЛЫҒЫ

■ Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мұсылманша жыл санау бойынша, яғни хижраның алтыншы жылы мыңнан астам сахабасымен Меккеге кіші қажылық жасау ниетімен жолға шығады. Бірақ Меккедегі дінге сенбейтін мүшріктер мұсылмандардың қасиетті қалаға кіруіне жол бермейді. Нәтижесінде екі тарап Хұдайбия деген жерде тоқтайды.

Осы сәтте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шайқасуды емес, келіссөз арқылы мәселені шешуді қалайды. Нәтижесінде Құрайышпен бейбіт келісім жасалады. Келісімнің кейбір шарттары алғаш қарағанда мұсылмандарға тиімсіз сияқты көрінді. Өйткені мұсылмандар сол жылы Меккеге кірмей қайтуы тиіс. Сол үшін келесі жылы ғана кіші қажылық жасауға келеді. Меккеден Мәдинаға қашып келген кейбір адамдар меккелік мүшріктердің қолына қайта тапсырылуы керек. Осындай келісімдер нәтижесінде екі тарап біраз жыл соғыспауға келісті.

(Жалғасы 3-бетте)



АЛЛА ЕЛШІСІНІҢ ОТБАСЫМЕН КӨРКЕМ МӘМІЛЕСІ

■ Ислам діні отбасының берекесін, ерлі-зайыптылардың өзара сыйластығын, мейірімі мен жауапкершілігін ерекше бағалайды. Қасиетті Құранда: «Сендер үшін өздеріңнен жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік пен мейірім салуы – Оның белгілерінен. Расында, мұнда ойланған қауым үшін белгілер бар» («Рум» сүресі, 21-аят) делінген.

Демек ақ некеге негізделген әрбір мұсылман отбасы сүйіспеншіліктің, сенімнің, кешірімнің, жауапкершілік пен өзара құрметтің алтын ұясына айналуы қажет. Осы тұрғыдан алғанда адамзатқа отбасы мәдениетінің ең көркем үлгісін көрсеткен тұлға ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) екені хақ. Оның жұбайларымен қарым-қатынасы ерлі-зайыптылар үшін мәңгілік өнеге болуы ләзім.

Ол отбасы мүшелеріне тек ақыл айтып қана қоймай, өз ісімен үлгі көрсетті. Жұбайларының көңілін түсінуге тырысты, олармен әзілdestі, пікірін тыңдады, қажет кезінде жұбатып, қиналған сәтінде жанынан табылды. Пайғам-

барымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Сендердің ең жақсыларың — әйелдеріңмен жақсы қарым-қатынаста болғандарың. Ал мен әйелдеріме ең көркем мәміле жасаймын», — деген. Кейде адам сырт көзге өте сыйпайы, мәдениетті көрінгенімен, үйінде ашушаң, дөрекі болуы мүмкін. Ал асыл дініміз мұсылманды шынайы көркем мінезін ең алдымен өзінің отбасына көрсетуге тәрбиелейді. Сондықтан ер адамның адамгершілігі оның қызметімен, байлығымен немесе қоғамдағы беделімен ғана өлшенбейді. Өз жұбайына қалай қарайтыны адамгершілігіне тікелей байланысты.

(Жалғасы 6-бетте)


ИМАНМЕН ҮШТАСҚАН БІЛІМ ЖҮРЕКТІ ТӘРБИЕЛЕЙДІ

■ Жыл сайын қыркүйектің алғашқы күні елімізде білім күні аталып өтеді. Бұл – мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіннің де, жаңа мақсатпен оқуын жалғастырған шәкірттің де, ұлт болашағын тәрбиелеуге бел буған ұстаздың да ортақ мерекесі.

Асыл дінімізде білім алу өте үлкен маңызға ие. Ислам өркениеті білімді адамзаттың ең қымбат қазынасы деп бағалайды. Сол себепті мұсылман қауымы үшін білім дүние мен ақыреттің игілігіне жетелейтін ең ұлы құндылықтардың бірі саналады. Қасиетті Құранның ең алғашқы түскен аятының өзі «Оқы!» деген бұйрықпен басталады. Алла Тағала ардақты Пайғамбары-

мызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Оқы! Сені жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол адамды ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Раббың аса ардақты. Ол қаламмен (хат жазуды) үйретті. Адамға білмеген нәрселерді білдірді», — деп, оқуға бұйырған («Алак» сүресі, 1–5-аят). Біз бұл аяттан адамзатқа жіберілген алғашқы үндеу оқу, тану, іздену екенін аңғарамыз. Демек білімге ұмтылу тек дүниелік жетістікке бастайтын жол ғана емес, Жаратушының өміріне мойынсұну әрі рухани кемелденудің баспалдағы екенін естен шығармаған абзал.

(Жалғасы 7-бетте)



• Астана қаласы

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұйымдастыруымен Астанадағы «Әзірет Сұлтан» мешітінде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өтті.

Іс-шараға Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, ҚМДБ жанындағы Ақсақалдар кеңесінің мүшесі Жабал Ерғалиев, ҚМДБ Төрағасының орынбасары, наиб мүфти Ермек Қасболатұлы, Астана қаласының және «Әзірет Сұлтан» мешітінің Бас имамы Нұрбек Әуесханұлы, сондай-ақ, ҚМДБ «Зекет және қайырымдылық» қорының басшысы Максат Максотұлы және қала имамдары қатысты.

Іс-шара Құран оқумен басталып, ҚМДБ Төрағасы балаларды келе жатқан жаңа оқу жылымен құттықтап, білім мен тәрбиенің маңызына тоқталды. «Білім – адам баласына берілген ең үлкен нығметтердің бірі. Қасиетті Құранның алғашқы аяты да: «Оқы!» – деп түсті. Бұл – Ислам дінінің білім мен ғылымға қаншалықты мән беретінінің айқын дәлелі. Алла Тағала Құранда «Білгендер мен білмегендер тең бе?» – деп сұрайды. Демек білімді болу – бұл тек жақсы баға алу емес, Жаратушы алдында қадір-қасиетке ие болу жолы. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Білім іздеу – әрбір мұсылманға парыз*», – деп, ер және қыз балаларға білім алудың маңызын айтқан» деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Айта кетейік, осы күні Астана қаласы бойынша 2200 балаға оқуға қажетті сөмкелер мен оқу құралдары берілді.

• Алматы қаласы

1300 БАЛАҒА ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ БЕРІЛДІ

Алматы қаласындағы Орталық мешітте де жыл сайынғы дәстүр бойынша «Мектепке жол» акциясы аясындағы қайырымдылық іс-шарасы өтті. Жиынға Алматы қаласының бас имамы Төлеби Дәділұлы қатысты.

Аталған іс-шара Алматы қаласы бойынша бір мезетте бірқатар мешітте ұйымдастырылды. Осылайша «Зекет және қайырымдылық» қорының Алматы қалалық өкілдігінің атсалысуымен қаладағы 8 аудандық мешітте 1300 мектеп оқушысына жаңа оқу құралдары салынған сөмкелер табысталды.

• Батыс Қазақстан облысы

БАЛАЛАРДЫ ҚУАНЫШҚА БӨЛЕДІ

«Мектепке жол – 2026» республикалық қайырымдылық акциясы Батыс Қазақстан облысында да өтті.

Игі бастама әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы және көмекке мұқтаж отбасылардан шыққан балаларға қолдау көрсетіп, олардың жаңа оқу жылында қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуіне ықпал ету мақсатында ұйымдастырылды. Акция аясында көмекке мұқтаж 520 оқушыға мектеп сөмкелері, оқу құралдары, киім-кешек және басқа да қажетті заттар табысталды. Қайырымдылық іс-шарасына мешіт жамағаты мен өңірдегі жомарт жандар да атсалысып, балаларға қуаныш сыйлады.

Іс-шара барысында ұйымдастырушылар қайырымдылық пен өзара қолдаудың қоғамдағы маңызына тоқталып, оқушыларды жаңа оқу жылымен құттықтап, білім жолында сәттілік тіледі.

• Жетісу облысы

ҮЗДІК ШӘКІРТТЕРГЕ СЫЙЛЫҚТАР ТАБЫСТАЛДЫ

Талдықорған қаласындағы «Иман» мешітінде Жетісу облысының бас имамы Керімбек Сәрсембайұлының қатысуымен «Мектепке жол – 2026» қайырымдылық шарасы өтті. Іс-шараны «Зекет және қайырымдылық» қорының өңірдегі өкілдігі ұйымдастырды.

Жиында Керімбек Сәрсембайұлы оқушыларға білім мен ғылымның маңызы туралы насихат айтты. Сондай-ақ балаларды ізденімпаз болуға, білімді терең меңгеруге және жақсы мақсаттарға ұмтылуға шақырды. Іс-шара барысында бас имам мешітке келген бүлдіршіндерге қызықты сұрақтар қойып, білімге ынталы, үздік шәкірттерге ақшалай сыйлықтар табыстады.

Айта кетейік, Бас мүфти тапсырмасына сәйкес, биыл Жетісу облысында имамдардың ұйытқы болуымен 1000-ға жуық бала мектепке қажетті сөмке және оқу құралдарымен қамтылды. Сонымен қатар 100-ден астам балаға спорттық және мектеп формалары берілді.

• Қостанай облысы

ҚАЖЕТТІ ЗАТТАРМЕН ҚАМТЫЛДЫ

«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы Қостанай облысында да өткізілді. Игі шараға өңірдің бас имамы Бектұрсын Торайбайұлы, наиб имам Алишер Ертайұлы және «Зекет және қайырымдылық» қорының облыстағы өкілі Бақытжан Икрамұлы қатысты.

Сонымен қатар қала және аудан имамдары қайырымдылық бастамасына атсалысты. Акция жаңа оқу жылы қарсаңында әлеуметтік аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету, оларды мектепке қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылды.

Іс-шара аясында облыс бойынша 850 оқушыға дәптер, қалам, сызғыш, циркуль, бояу, түрлі-түсті қарындаштар мен қаламдар, сурет дәптері, ұштағыш, желім және басқа да қажетті оқу құралдары табысталды.

ҚЫЗЫЛОРДАДА ЖАҢА МЕШІТ АШЫЛДЫ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы Қызылорда облысына арнайы сапармен барды. Бас мүфти алдымен Тасбөгет кентіндегі «Ербатыр ата» мешітінің ашылу рәсіміне қатысты.

ҚМДБ Төрағасы өз сөзінде мешіттің қоғамдағы рухани-әлеуметтік маңызына тоқталып, Алла үйін салуға үлес қосқан азаматтардың сауабы мол екенін атап өтті. «Бұл мешіт жастардың, жалпы жамағаттың бос уақытын пайдалы іспен өткізуіне, білім алып, тәрбие көкжиегін кеңейтуіне, дұрыс діни түсінікпен өмір сүруіне мүмкіндік береді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде: «*Мешітке баруды әдетке айналдырған адамды көрсеңіздер, оның иманды екеніне куәлік етіңдер*», – деген. Хақ Тағала: «*Ақиқатында Алла Тағаланың мешіттерін Хақ Тағалаға және Ақырет күніне иман келтірген, намаз оқыған, зекет бергендер көркейтеді*», – деген. Расында мешітке жиі баратын адамның иманы күшейеді» деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Іс-шараға сондай-ақ облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Жолкелдіұлы, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Әбішұлы және Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Жұмашұлы қатысып, қала тұрғындарын жаңа мешіттің



ашылуымен құттықтады. Айта кетейік, екі қабатты мешіттің жалпы аумағы – 946,72 шаршы метр. Құлшылық үйі бір мезетте 700 адамға дейін қабылдай алады. Мешіт құрылысы 2022 жылы жеке кәсіпкер Абзал Ералиевтің демеушілігімен басталған. Жаңа мешітте ерлер мен әйелдерге арналған бөлек намаз залдары, имам кабинеті, Құран оқыту және неке киюға арналған арнайы бөлме, екі дәрісхана, сондай-ақ заманауи талаптарға сай дәретханалар қарастырылған.

Сыр өңіріне барған ҚМДБ Төрағасы Қызылорда облысының әкімі Мұрат Нәлқожаұлымен кездесті. Бас мүфти аймақ басшысымен өңірдегі діни ахуал туралы сұхбаттасып, алда атқарылатын жұмыс бағыттарына тоқталды. «Сыр өңірі – тарихы терең, қазқы болмысы сақталған қасиетті өлке. Бүгінде елімізге адал қызмет

етіп жүрген дін қызметкерлерінің нәтижелі жұмысының арқасында аймақтағы діни ахуал тұрақты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өңірде небәрі 14 мешіт болса, бүгінде олардың саны 195-ке жетіп, тұрғындардың игілігіне



ЖАС МАМАН, АУЫЛҒА ҚАДАМ БАС, МАМАН!

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұйымдастыруымен Астана қаласында осындай тақырыптағы іс-шара өтті. Оған Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, ҚМДБ Орталық аппаратының қызметкерлері, 2025-2026 оқу жылының діни оқу орындарын тәмамдап, діни қызметке бөлінген түлектері қатысты. Сондай-ақ өңірлердегі бас имамдар мен ҚМДБ бағыттарына жауапты мамандар іс-шараға онлайн форматта қосылды.



Алдымен жиын қатысушыларына ҚМДБ қызметінің негізгі бағыттары туралы бейнеролик көрсетілді. Одан ары Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы баяндама жасады. ҚМДБ Төрағасы баяндамасында жас мамандардың діни қызметтегі жауапкершілігіне тоқталып, алған білімін халыққа қызмет ету жолында тиімді пайдаланудың маңызын атап өтті. «Мешітте қызмет ету – үлкен аманат, жауапкершілік әрі сауабы мол міндет. Қасиетті Құранда: «*Расында, Алла сендерге аманаттарды өз иелеріне тапсыруды бұйырады*» («Ниса» сүресі, 58-аят), – делінген. Осы аяттағы аманат ұғымы дін қызметкері үшін айрықша мәнге ие. Себебі имам халыққа дінді түсіндіреді, ме-

шіттің берекесін арттырады, жамағатты жақсылыққа үндейді, жастарға бағыт береді, шаңырақ көтерген жандарға отбасылық ақыл-кеңес айтады, халықтың қайғысына ортақтасып, қуанышына тілекші болады. Дін қызметкерінің әрбір сөзі мен ісі жамағатқа әсер етеді. Сондықтан діни қызметке келген жас маман ең алдымен өзінің қандай үлкен аманатты аркалап жүргенін сезінуі керек. Өйткені діни қызмет жасау – пайғамбарлар міндетін атқару деген сөз» деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Сонымен қатар ҚМДБ Төрағасы Алла Тағала ардақты Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) адамзатқа ақиқат жолды жеткізу міндетін жүктегенін, сол үшін Алла елшісі сахабаларына білім беріп, оларды тәрбиелегенін, адамдарды ізгілікке шақырғанын, ал бүгінгі таңда бұл аманатты ғалымдар, ұстаздар, имамдар жалғастырып



КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРАЙЫҚ!

Астанада Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, «Креативті индустрияларды дамыту қоры» корпоративтік қоры және «Кітап оқитын ұлт – Читающая нация» қоғамдық қоры арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.



Құжатқа ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, «Креативті индустрияларды дамыту қоры» корпора-

тивтік қорының Бас директоры Ерлан Қаналимов және «Кітап оқитын ұлт – Читающая нация» қоғамдық қорының төрағасы

Бакытжан Тұрлыбеков қол қойды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтай отырыстарында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, жас ұрпақтың білімге құштарлығын арттыру мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Президент кітап оқитын ұлттың зияткерлік әлеуеті жоғары болатынын атап өтіп, қоғамда кітап оқу мәдениетін орнықтырудың маңызын бірнеше рет айтқан болатын.

Осы бағыттағы бастамаларды қолдау мақсатында жасалған меморандум қоғамда кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, рухани-ағартушылық құндылықтарды дәріптеу, жастар мен отбасыларды кітап оқуға тарту және «Кітап оқитын ұлт» жобасы аясындағы біріккен бастамаларды жүзеге асыруды көздейді.

жатқанын атап өтті. «Жаңа діни қызметке тағайындалып отырған сіздер де осы ізгі жолдың жалғастырушысы екендіктеріңізді ұмытпаңыздар. Сондықтан имамдықты, ұстаздықты тек мешітте намаз өткізу, уағыз айту, дәріс беру деп түсіну – қате пікір. Дін қызметкері – тәрбиеші, халық пен асыл дініміздің арасында алтын көпір болатын рухани тұлға» деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Іс-шара барысында діни қызметке тағайындалған жас мамандарға қызметтік жолдамалар табысталды. Бас мүфти түлектердің жаңа қызметіне сәттілік тілеп, ауылдық жерлердегі діни-ағартушылық жұмыстарды жандандыруға, жамағатпен тығыз байланыс орнатуға және ел бірлігі мен рухани құндылықтарды нығайтуға үлес қосуға шақырды.

Сонымен қатар іс-шара аясында жас мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру, діни қызметтегі жауапкершілігін қалыптастыру, қызметтік әдеп нормаларын сақтау және қоғаммен тиімді коммуникация орнату мақсатында арнайы семинар ұйымдастырылды. Семинар барысында ҚМДБ Төрағасының орынбасарлары, наиб мүфтилер Кенжетай Байкемелұлы «Қызметтік әдеп және тәртіп ережелері», Сансызбай Құрбанұлы «Бірлік пен тұрақтылық – дін қызметкерінің негізгі ұстанымы», Ермек Қасболатұлы «Көркем мінез – дін қызметкерінің басты айнасы», Бас мүфти кеңесшісі Смайыл Сүйерқұлұлы «Діни сала мамандарының ақпараттық сауаттылығы және медиакоммуникация» тақырыбында баяндама жасады. Семинар барысында жас мамандарға діни қызметтің ерекшеліктері түсіндіріліп, қызметтік міндеттерді сапалы орындау, кәсіби және тұлғалық тұрғыдан дамуға ұмтылу, сондай-ақ халықпен тиімді қарым-қатынас орнату бағытында бірқатар маңызды кеңестер берілді.

Астана қаласындағы «Әзірет Сұлтан» мешітінде Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дүниеге келуіне орай мәуліт жыры оқылды.

ЕЛОРДАДА МӘУЛІТ ОҚЫЛДЫ

Іс-шара барысында қарилар Серік Ахмет пен Жұманазар Садырханов Мәуліт жырын оқыса, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Мәуліт дұғасын жасалды.

ҚМДБ Төрағасы: «Уа, Жаратушымыз Алла Тағала! Өзіңнің ең сүйікті құлың, пайғамбарлардың мырзасы әрі соңғы мөрі, адамзаттың ардақ тұтар ұстазы, жер бетіне рақым етіп жіберілген Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаның құрметіне оқыған мәулітімізді қабыл ет! Бізді Пайғамбарды шынайы жақсы көрген, оның сүннетіне ерген, көркем мінезін үлгі тұтқан, насихаттарын орындайтын, тұлғасын шынайы құрметтей білетін, оған жиі салауат айтатын, Қияметте шапағатына ие болатын үмбетінен болуды нәсіп етпейсін!» – деді дұғасында.



**Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти**

ПАЙҒАМБАР ДАНАЛЫҒЫ

(Басы 1-бетте)

ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕЛЕГЕН ШЕГІНІС

Сахабалардың кейбірі бұл шарттарды ауыр қабылдады. Өйткені олар Меккеге қасиетті сапармен келген еді. Алайда Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір сәттік эмоциядан гөрі ұзақ мерзімді нәтижені таңдады. Сахабалардың көңілінде біз ақиқат жолдамыз, неге кейін шегінуіміз керек деген ой болды. Бірақ Пайғамбарымыз сол сәттігі тиімсіз шарттарға емес, үмбеттің болашағына қарады. Соғыстан гөрі бейбітшілікті таңдады. Осылайша даналықпен шешім қабылдады. Кейде мақсатқа жету үшін бір кадам шегінуге тура келетін сәттер болады. Бұл кадам түбінде үлкен жеңіске бастайтын стратегиялық шешім болуы мүмкін. Пайғамбарымыз осы қадамын іс жүзінде көрсетті. Ол қарсы тараппен келіссөз жүргізуден арнамысқа нұқсан келеді деп ойлаған жоқ. Керісінше, бейбіт келісімді үлкен мүмкіндік деп білді. Сахабалардың көңілінен гөрі үмбеттің мүддесін жоғары қойды. Жағдайды терең анғарған Алла елшісі бұл әрекеті арқылы басшы халықтың ертенгі тағдырына да жауап беретінін меңзеді. Келісім жазылып жатқанда мүшріктердің өкілі Сухайл ибн Амр «Бисмилләһир-Рахманир-Рахим» деген жазуға қарсылық білдіреді. Сондай-ақ «Мұхаммед – Алланың елшісі» деген сөзді де қабылдамай, «Абдулланнан ұлы Мұхаммед» деп жазуды талап етеді. Сахабалар үшін бұл өте ауыр еді. Бірақ Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) келісімнің негізгі мақсатына, яғни бейбітшілікке басымдық берді. Бұл жерде Пайғамбарымыздың үлкен даналығын байқаймыз. Негізгі мақсатқа жету үшін кейбір сыртқы формаларда ымыраға келуге болады. Алайда діннің негізгі пәрыздарына қайшы қатан әрекеттерде ұшырамай жасайды.

Худайбид келісімі кезінде Әбу Жәндәл (оған Алла разы болсын) әкесінің қысымынан қашып, мұсылмандар жағына келеді. Оның аяғы кісендеулі болатын. Сахабалар оның жағдайына қатты қиналады. Алайда Пайғамбарымыз жасалған келісімді бұзбайды. Бұл жерде Алланың елшісі жүрегі қатты болғандықтан емес, келісім мен аманаттың қадірін білгендіктен осындай шешім қабылдады. Өйткені уәдені орындау үлкен жауапкершілік, ал келісімді сақтау үлкен аманат екенін ұмытпаған абзал.

Сонымен бұл шегініс мұсылман үмбетіне қандай пайда әкелді деген заңды сұрақ туады. Худайбия келісімінің алғашқы шарттары мұсылмандарға ауыр көрінгенімен, кейін оның үлкен жеңіс екені анықталды. Бейбітшілік орнаған соң аламқұл мұсылмандармен еркін араласа бастады. Исламды бұрынғыдан да көбірек тани бастады. Мәдина мен Мекке арасындағы қарым-қатынас өзгерді. Осыдан кейін мұсылмандардың ықпалы күшейіп, ақырында Меккенің алынуына жол ашылды. Осыдан кейін Ала Тағала Худайбия оқиғасына қатысты: «**Акикатында, Біз саған анық жеңіс бердік**», – деген аятты түсіреді («Фатх» сүресі, 1-аят). Яғни сырт көзге келісім сияқты көрінген нәрсе Құранда «жеңіс» деп аталды. Бұл жеңіске жетелеу шегініс еді.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сол кезде ашуға ашумен жауап бермеді, қиындыққа сабырмен қарады. Қарсыласын келіссөз арқылы жеңуге ұмтылды. Нәтижесінде қан төкпей-ақ Меккені бағындырды. Бүгінгі қоғам үшін де бұл аса маңызды. Отбасында, қоғамда, мемлекетаралық қарым-қатынаста кез келген мәселені эмоциямен емес, сабырмен, ақылмен және болашақтың пайдалынын ойлап шешуіміз керек.

ұрпақтарынан Аллаға құлшылық ететін адамдар шығуынан үміт етті. Алла елшісінің мейірімді жүрегі мен даналығы Таиф тұрғындарының бүгінгі кәтелігіне ғана емес, оның ертенгі мүмкіндігіне де қарады. Расымен кейін бұл өлкеден Аллаға иман келтірген әрі ақиқат дінді әлемге таратуға үлес қосқан Ислам тұлғалары шықты.

Бір адам Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) насихат сұрағанда, ол бірнеше рет: «*Ашуданба*», — деген мағынада өсиет айтады. Ол адам тағы да насихат сұрайды. Пайғамбарымыз қайтадан осыны айтады. Мұнда ерекше даналық бар. Адамға жүз түрлі кеңес беруге болады. Бірақ оның ең үлкен мәселесі ашу болса, оған ең керекті бір ғана кеңесті айту қажет. Сол үшін Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оған: «*Ашуданба*», — деген. Қажет кезде қажет сөзді айту да — даналықтың белгісі.

Пайғамбарымыз (оған Алланың са-
лауаты мен сәлемі болсын) балаларға
ерекше мейірімді болған. Балаларды көр-
генде оларға сәлем беріп, көңіл бөлетін.
Бірде немересі Хасанның (Алла оған разы
болсын) бетінен сүйгенде, бір кісі: «Менің
он балам бар, бірақ олардың ешқайсысын
сүйген емесің» дейді. Сонда Пайғам-
барымыз мейірім танытыптан адамға

мейірім көрсетілмейтінін ескертеді. Алла елшісінің бұл сөзінен бала тәрбиесі тек тамақ, киім және білім берумен өлшенбейтінін түсінеміз. Балаға сүйіспеншілік көрсету де тәрбиенің бір тармағы екенін ұмытпаған дұрыс.

Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тәрбиелік әдісінде бір адамның қателігін бүкіл жұрт алдында масқаралау емес, оның жүрегіне жол табу басым болды. Көп жағдайда ол: **«Кейбір адамдарға не болған?»** – деп жалпы түрде ескерту жасайтын. Яғни адамның атын атап, абыройын түсірмей, қоғамға қажетті сабақты жеткізетін. Мұндағы даналық — адамның қатесін түзету, оны көпшілік алдында ұялту деген сөз емес. Бұл бүгінгі әлеуметтік желі дәуірінде өте өзекті. Бір адамның қателігін видеоға түсіріп, оны көпшілікке тарату оңай. Бірақ бұл мәселені шешпей, керісінше адамның абыройына зиян келтіруі мүмкін. Біз көп жағдайда адамның қателіктерімен емес, өзімен алысып кетеміз. Ал Пайғамбарымыз адамның жеке басын қадірлей отырып, оның қателіктерін түзетуді басты орынға қойған.

KӨРКЕМ МІНЕЗ КӨРІНІСІ

Адамзат тарихында айнала-төңірегіне дұрыс жол көрсетіп, жүректеріне иман

шуге болады. Бұл – Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өнегесін алынатын үлкен сабақ. Хұдайыя бізге бір маңызды ақиқатты үйретеді. Кейде жеңіс қарсыласты жеңумен емес, қактығыстың алдын алумен өлшенеді. Кейде батылдык сабысудан емес, сабыр сактаудан көрініс табады. Ал нағыз даналық – бүгінгі қиындықтың ар жағындағы ертеңгі мүмкіндікті көре білу. Кейде жеңіс жету үшін ұзақ мерзімді бейбітшілік пен тұрақтылық қару көтеру- ден де маңызды құралға айналады.

ҚАТЕЛІКТЕРМЕН КҮРЕСУДЕГІ ДАНАЛЫҚ

Бирде кұрайыш тайпалары касиетті Қағбаны қайта тұрғызып кезде кара тасты орнына қою мәселесінде келісе алмай қалады. Бұл үлкен даудын тууына түрткі болады. Өйткені әр бұл құрметті өзі иеленгісі келеді. Дау ұлғайып, тіпті кантөгіске айналу қаупі туады. Сол кезде Пайғамбарымызды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) төрелікке шақырады. Ол жерге бір шапан жайып, кара тасты соған қойғызады. Әр рудын өкілі шапанның бір шетін ұстап, тасты көтереді. Ал Пайғамбарымыз кара тасты өз қолымен орнына қояды. Ол бір жақты ғана жеңімпаз етпей, барша тараптын

Хұдайбиа келісімі кезінде Әбу Жәндәл (оған Алла разы болсын) әкесінің қысымынан қашып, мұсылмандар жағына келеді. Оның аяғы кісендеулі болатын. Сахабалар оның жағдайына қатты қиналады. Алайда пайғамбарымыз жасалған келісімді бұзбайды. Бұл жерде алланың елшісі жүрегі қатты болғандықтан емес, келісім мен аманаттың қадірін білгендіктен осындай шешім қабылдады. Өйткені уәдені орындау үлкен жауапкершілік, ал келісімді сақтау үлкен аманат екенін ұмытпаған абыл

абайроын сақтап қалды. Бір мәселені шешу үшін екінші тарапты жеңу міндетті емес екенін көрсетті. Бұл оқиғадан да Алла елшісінің даналығын байқаймыз. Ол екі жақтың да көңілін табатын шешім қабылдады. Бір айта кетерлігі, бұл Алла елшісіне әлі пайғамбарлық міндет жүктелмеген кез елі

Бірде бір бәдәуи Мәдина мешітіне кіріп, мешіттің бір бұрышына дәрет сындыра бастайды. Өте дәрәкі әрекет-тің күәсі болған сахабалар оған ұмтыла жөнеледі. Бірақ Пайғамбарымыз оларды тоқтатып, адамның ісін аяқтауына мүмкіндік береді. Кейін сол жерге бір шелек су құюды бұйырды. Басқа руяатта Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларына: *«Сендер жеңілдетуші етіп жіберілдіңдер, қиындатушы етіп жіберілмедіңдер»*, – деген мағынада өсиет айтады. Пайғамбарымыз кәтелікті түзетумен бірге адамның қадірін де сактай білді. Егер оны сол сәтте ұялтып, қатты жазғырса, ол мешіттен қорқып немесе діннен алыстап кетуі мүмкін еді. Бұл жерде біз Пайғамбарымыз ұстанған манызды даналықты байқаймыз. Кәтелікті түзету манызды іс, бірақ кателескен адамды жоғалтып алмау одан да манызды амал екенін түсінеміз.

Таиф сапары Пайғамбарымыздың (оған Алланың саулаты мен сәлемі болсын) өміріндегі ең ауыр кезеңдердің бірі болды. Жергілікті халық оны қабылдамай, қорлық көрсетіп, таспен жаралады. Осындай ауыр жағдайда Алла жерасын періште келіп, қаласа, Таиф тұрғындарын екі таудың арасына қысып, ажал күштіруға мүмкіндік бар екенін білдіреді. Бірақ Пайғамбарымыз кек аяуды танламады. Керісінше, оларын

пешім қабылдау, адамның жағдайын түсінуге және ер істің салдарын бағамдай білу. Пайғамбарымыздың (оған Алланың сәлауаты мен сәлемі болсын) даналығы осындай терең мазмұнға ие болды. Ол бір адамның бойындағы ерекшелікті ескеріп сөйлейтін. Бір адамға айтқан насихатын екінші адамға дәл сол күінде қайталамайтын. Өйткені адамдардың мінезі, білімі, жағдайы, рухани деңгейі әртүрлі екенін жасық білетін. Бұл – діни насихат жүргізіп келе жатқан әрбір діни қызметкеріне үлкен сабақ, үлкен өнеге. Насихаттың мақсаты – адамның көңілін жаралау емес, жүрегіне жол табу. Қасиетті Құранда:

жеткізді. Бұл – қазіргі замандағы діни
насихат үшін аса маңызды қағида. Дінді
түсіндіру барысында адамның ар-намы-
сына тиюге, оны кемсітуге, бірден айып-
тауға болмайды. Ақиқатты айту қажет. Бірақ
ақиқатты айту мен адамды қорлау – екі
түрлі нәрсе. Насихатта талап болуы мүм-
кін, бірақ тіл тигізу болмауы керек. Ес-
керту болуы мүмкін, бірақ кемсіту бол-
мауы керек. Қатандық қажет жерде қол-
данылуы мүмкін, бірақ қатыгездікке жол
берілмеуі тиіс.

Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өміріндегі ең үлкен даналықтардың бірі – кешірім-



«Раббының жолына даналықпен әрі көркем үгітпен шақыр және олармен ең көркем түрде пікір таластыр», — делінген («Нахыл» суресі, 125-аят). Бұл аят дінді түсіндіруде даналықтың, көркем сөздің және дұрыс әдістің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) насихатындағы ең үлкен ерекшеліктің бірі адамды үмітсіздікке емес, үмітке жетелеуі еді. Ол күнә жасаған адамды күнәсімен ғана өлтіспеді. Оның тәубеге келу мүмкіндігін көрді. Кәтелескен адамды бір кәтелігімен ғана бағаламады. Оның түзелуіне жол ашты. Міне, бұл — Пайғамбарымыздың даналығының бір көрінісі. Алла елшісі әр адамның қадірі мен абыройын жоғары қоя білді. Ол кедей мен байға, жас пен көріге, басшы мен қарапайым адамға адамгершілік тұрғысынан қарады. Бұл бәріміз үшін маңызды өнеге. Өйткені адамды қызметіне, байлығына, әлеуметтік жағдайына қарап бағалау қоғамдағы рухани алшақтықты күшейтеді. Ислам адамның сыртқы мәртебесінен бұрын оның жүрегіне, иманына және амалына мән береді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) адамдармен сөйлескенде олардың сөзіне құлақ қоятын. Біреудің сөзін бөлмейтін. Адамның өзін маңызды сезінуіне мүмкіндік беретін. Бұл қарапайым әдеп сияқты көрінуі мүмкін. Алайда адамды тыңдай білу де — үлкен даналықтың белгісі.

Бүгінгі таңда көптеген мәселенің туындауына адамдардың бір-бірін тыңдамай, себеп болып жатқаны жасырын емес. Отбасында ерлі-зайыптылар бір-бірін тыңдамайды. Ата-ана баласының ішкі жан дүниесін түсінуге уақыт таппайды. Башшы қызметкерінің пікіріне құлақ аспайды. Қоғамда әр тарап өз сөзін дұрыс деп санайды. Осындай кезде Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қарым-қатынас мәдениетінен үйренуіміз қажет. Кейде бір адамға шешіммен бұрын тыңдайтын құлақ керек. Кейде насихаттан бұрын жылы сөз керек. Кейде қатан үкімнен бұрын түсіністік керек. Мұның бәрі Пайғамбарымыздың даналығында көрініс тапқан.

ЖҰМСАК МІНЕЗ ӘЛСІЗДІК ЕМЕС

Казіргі қоғамда жұмсақ мінезді әлсіздік деп қабылдайтын түсінік кездеседі. Алайда Пайғамбарымыздың (оған Аллаһның салуаты мен сәлемі болсын) өмірі жұмсақтығын үлкен күш екенін көрсетті. Алла Тағала: «Аллаһың рақымының арқасында сен оларға жұмсақ болдын. Егер дөрекі, қатап жүректі болғаныңда, олар маңайыңнан тарал кетер еді», – дейді. Бұл айтпа ерекше бір тәрбие бар. Адамды өзгерту үшін оны қорқыту қажет емес. Адамның жүрегіне жол табу керек. Пайғамбарымыздың жұмсақтығы оның шариғат қағидаларынан бас тартуын білдірмейді. Кеңісше ол ақиқатты жұмсақтықпен

ділігі. Ол өзіне жасалған көптеген қиянат-
ты кешірді. Бұл — әлсіз адамның емес,
жүрегі мықты адамның қасиеті. Кек сақ-
тау адамның жанын ауырлатады. Өткенді
қайта-қайта ойлау адамның жүрегін шар-
шатады. Ал кешірім адамды рухани еркін-
дікке жеткізеді. Өрине, кешірім әділеттен
бас тарту деген сөз емес. Кей жағдайда
қоғамның қауіпсіздігі үшін құқықтық ша-
ра қажет болуы мүмкін. Бірақ жеке адам-
ның жүрегінде өшпенділік пен кек сақ-
тамауы — Ислам тәрбиесінің маңызды қа-
ғидасы. Қасиетті Құранда: **«Жамандықтың
қарымы — соған ұқсас жамандық. Ал кім
кешірім, татуластырса, оның сыйы Аллаға
тән»**, — делінген («Шура» сүресі, 40-аят).
Бүгінгі отбасыларға осы қасиет ауадай
қажет. Ерлі-зайыптылар бір-бірінің қате-
лігін кешіре білуі керек. Ата-ана баласы-
ның ер қателігін мәңгілік айыпқа айнал-
дырмауы қажет. Балалар да ата-анасының
кейбір кемшіліктерін кешіре білуі тиіс.
Кешірім бар жерде отбасы сақталады.
Кешірім бар жерде достық жалғасады.
Кешірім бар жерде қоғамда татулық ор-
нады.

Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өмірі сабырдың ұлы мектебі болды. Ол Меккеде қысым көрді. Жақындарынан айырылды. Қоғамдық қарсылыққа тап болды. Таифте ауыр сынаққа ұшырады. Бірақ әрбір қиындықта сабыр сақтады. Сабыр ету ешқандай әрекет жасамау деген сөз емес. Сабыр дегеніміз – қиындық кезінде ақылдан айырылмау, ашумен шешім қабылдамау, эмоцияға ермей, дұрыс жолды таңдау. Әлеуметтік желіде бір сөзге ашуланып, бірден жауап жазу оңай. Біреудің пікіріне ренжіп, оны көпшілік алдында қаралау оңай. Бірақ Пайғамбарымыздың тәрбиесі бізге алдымен сабыр етуді үйретеді. Кейде ең дұрыс жауап бірден жауап бермеу екенін естен шығарып жатамыз. Кейде ең үлкен жеңіс ашуды жеңу екенін ескермейміз. Кейде адамның даналығы оның айтқан сөзінен емес, айтпай қалған сөзінен көрінеді.

Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) даналығындағы бір ерекшелік – айтқан сөзі мен іс-тәжірибесінде кәсіпшіліктің болмауы. Ол адамдарды сабырға шақырып, өзі сабырсыздықты танытпады. Мейірімділікке үндеп, өзі қатал болмады. Адалдықа шақырып, өзі аманатқа қиянат жасамады. Қарапайымдылықты дәріптеп, өзі тәкаппар болмады. Бұл – насихатшының ең әсерлі әрі дана түрі. Адамға мың рет айтқан сөзден бір рет көрсеткен үлгі көбірек әсер етуі мүмкін. Сондықтан ата-ана балаға кітап оқуды үйреткісі келсе, өзі кітап оқуы керек. Баласына өтірік айтпауды үйреткісі келсе, өзі шындықты ұстануы қажет. Жастарды мешітке шақыратын адам өзі көркем мінездің үлгісі болуы тиіс. Қоғамға адалдықты насихаттайтын адам өзі адал болуы керек. Өйткені сөздің қадірін іс арттырады. Міне, Пайғамбар даналығының өміршілдігі осында.

Асан ӘБДІҚҰЛҰЛЫ,
Дін істері талдау
бөлімінің меңгерушісі

АЛЛА ЕЛШІСІНІҢ ОТБАСЫМЕН КӨРКЕМ МӘМІЛЕСІ

(Басы 1-бетте)

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үйінде өзін өзгелерден жоғары қоймады. Айша (оған Алла разы болсын) анамыздың айтуынша, Алла елшісі үй шаруасына көмектесетін. Киімін өзі реттейтін, аяқ киімін жөндейтін, карапайым тіршілікте отбасына қолғабыс ететін. Пайғамбарымыздың өмірімен танысқанда Айша анамызбен қарым-қатынасында ерекше сүйіспеншілік әрі көркем байланыс болғанына көз жеткізесіз. Бір сапарда Айша анамыз Пайғамбарымызбен бірге келе жатады. Ол кезде Айша анамыз жас болатын. Алла елшісі сахабаларына алға жүре тұруды айтып, Айша анамызбен жарғысалды. Айша анамыз озып кетеді. Біраз уақыт өткеннен кейін тағы бір сапарда Пайғамбарымыз онымен қайта жарысалды. Бұл жолы Айша анамыздан озады да: *«Бұл – ана жолғың есеісі»,* – деп әзілдейді. Бұл оқиға бізге үлкен сабақ береді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үнемі салмақты қалпын сақтай отырып, адамдардан алыстап кеткен жоқ. Тіпті отбасының көңілін көтеріп, оның жасына қарай әзілдес біді. Бүгінде кейбір ер адамдар «мен – отбасының башысымын» дегенді қаталдықпен шатастырып алады. Ал Пайғамбарымыздың өнегесі басқаша өр біді. Ол отбасына бәсеңшілік етуді қатал болумен емес, керісінше жауапкершілікті мойнына ала арқылы көркем түрде оңға көрсете білді.

Пайғамбарымыз Әйел адамның табиғи сезімін де терең түсінген. Айша анамыздан жеткен Пайғамбарымыздың оның көңіл күйін қалай аңғаратыны туралы риуаят бар. Ол Айша анамыздың ренжігенін оның сөзінен -ақ байқап қоятын. Бұл – отбасы үшін аса маңызды мәселе. Кейде жұбайымыздың айтқан сөзіне ғана мән беріп, оның сол сөзін артында тұрған сезімін түсінуге тырыспаймыз. Ал отбасындағы түсіністіктің негізі – бір-бірінің көңіл күйін сезіне білу. Жұбайының көңілін түсінуге үшін ордайым үлкен сыйлық немесе қымбат нәрсе қажет емес. Кейде жылы сөз, жылы қабақ, бір ауыз «қалың қалай?» деген сурақтың өзі жеткілікті.

Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Хадиша анамызға (оған Алла разы болсын) деген құрметі мен адалдығы ерекше еді. Хадиша анамыз Пайғамбарымызға алғаш имам



келтірген жан болды. Ол ең қиын кезеңдерде жұбайын қоллады. Пайғамбарымыз алғашқы уақыды алған кезде қатты толқып, үйіне келгенде Хадисша анамыз оны сабырға шақырып, қолдау көрсетті. Хадисша анамыздың: «Алла сізді ешқашан қор қылмайды. Өйткені сіз туыстық байланысты жалғайсыз, әлсіздерге жәрдем бересіз, мұқтажа көмектесесіз, қонақты күтесіз және қиындыққа ұшырағандарға қолдау көрсетесіз», – деген сөзі оның жұбайын қаншалықты жақсы танығанын көрсетеді. Ал Пайғамбарымыз Хадисша анамыз дүниеден өткеннен кейін де оны ұмытпады. Оның жақындарына күрмет көрсетті, достарына сыйлық жіберіп тұрды.

Пайғамбарымыздың (оған Алланың салдауаты мен сәлемі болсын) отбасылық қарым-қатынасындағы тағы бір ерекше қасиет – жүйбаларының ішкі бір ерекше асуы. Худайи келісімінен кейін сахабалар ауыр жағдайда қалды. Пайғамбарымыз оларға құрбандықтарын шалып, шаштарын алып, іхрамнан шығуды бұйырды. Алайда сахабалар сол сәтте қатты қиналандықтан, бірден орындай қоймады. Сонда Пайғамбарымыз Үмму Сәләмә азиямдасы (оған Алла разы болсын) барып:

жагдайды айтты. Үмү Сөлөмө анамыз
огон ешкімге ештеңе айтпастан сыртка
шыгып, күрбандарын шалып, шашын
алуды ұсынды. Алла елшісі оның кеңесін
кабылдап, айтқанын орындады. Сахаба-
лар Пайғамбарымыздың бұл әрекетін
көрген соң, өздері де дереу амалға кірісті.
Алла елшісі бүкіл үмбеттің көпбашысы
бола тұра жубайының пікірін тыңдады.
Оның кеңесін қабылдады. Демек әйелдің
пікірін тыңдау ар адамның бәделін түсір-
мейді. Керісінше, ақылдасуда береке бар.

Пайғамбарымыз (оған Алланың са-
лауаты мен сәлемі болсын) жұбайларының
табиғи мінездерін түсінуге тырысты. Әр
адамның мінезі әртүрлі. Бірі сезімтал, бірі
сабырлы, бірі ширақ, енді бірі тұйық
болуы мүмкін. Осындайға татулықтың
бір сыры – жұбайынды өзіне ұқсатуға
тырыспау. Алла елшісі әйелдерінің міне-
зін ескеріп, оларға түсіністікпен қарады.
Адамның бір ғана кемшілігіне қарап
оның барлық жақсы қасиетін жокқа шы-
ғаруға болмайды. Жұбайының бір мінезі
ұнамауы мүмкін. Бірақ оның сен үшін
жасаған қаншама жақсылығы бар екенін
де ұмытпау керек.

Бірде Айша аنامыздын үйүндө Пайгамбарымызга (оған Алланын салауаты мен сөлөмі болсын) баска жұбанарларынын бірі тамак жібереді. Айша анамız кыззанышынын ыдысты қағып жіберіп, ол сынып қалады. Алла елшісі ашуға берілмеді. Жағдайды ушықтырмай, сабырмен қарап: *«Аналарың қызғанды»*, – деген. Бір сәттік ашумен айтылған сөз кейде жылдар бойы ұмытпалайтын жара қалдыруы мүмкін. Сондықтан ерлі-зайыптылардың бір-біріне қажет ең үлкен қасиеттерінің бірі – сабыр.

Эр шаңыракка Пайгамбарымыздын
(оган Алланын салауаты мен сөлөмү бол-
сын) осы өңөгөсү орныкка, ерлі-зайып-
тылар бір-бірін карсылас эмес, өмірлік
серік эри аманат деп кабылдаса, отбасын-
дагы көптөгөн маселелін шешімі табылар
еді. Бакытты отбасы мінсіз адамдардан
емес, бір-бірінін кемшілігін кешіріп,
жақсы қасиетін бағалай білетін жандардан
құралады. Алла Тағала барша шаңыракқа
берекес, ерлі-зайыптыларға өзара сүйіс-
пеншілік пен мейірім, жүректерін иман
мен сабыр нәсіп етсін! Отбасыларымызды
берік, ұрпағымызды саналы, тәрбиелі эрі
иманлы етсін!

Бакдәулет НҰРМАТҰЛЫ,
Шымкент қаласының бас имамы

рық, бауырларын, әйелдерін, туыстарын, жинаған мал-мүліктерін, тоқырауға ұшыраудан қорқатын сауда-саттықтары жөне өздерін ұнататын үйлерін сендерге Алладан, Оның елшісінен және Оның жолында жүрсүден артық жақсы болса, онда Алланың әмірі келгенге дейін тұт тұрыңдар. Алла бұзақы қауымды тура жолға салмайды» («Тәубе» сүресі, 24-аят). Аятта аталған нәрселердің бәрі – адамның табиғатынан жақсы көретін дүниелер. Сондықтан бұл аят адамның оларды жақсы көріне тыйым салмайды және табиғи сүйіспеншілікті айыптамайды. Керісінше, осы дүниелік сүйіспеншіліктерді Алланы, Оның елшісін және оның жолындағы күресті жақсы көруден жоғары қоюға болмайтынын ескертеді. Өйткені мұндай нәрселерге деген сүйіспеншілік адам табиғатына сай жаратылған. Алайда мүмін үшін Аллаға және Оның елшісіне деген сүйіспеншілік барлық басқа сүйіспеншіліктен жоғары тұруы тиіс. Пайғамбарды барлық көрсенде артық жақсы көрудін міндетті екеніне бүкіл әлемдердің Раббысының мына сөзі дәлел: «Пайғамбар мүминдерге өздерінен де жақынырақ» («Ахзаб» сүресі, 6-аят). Ғалымдар бұл аят жағында: «Алла Тағала! **«Пайғамбар мүминдерге өздерінен де жақынырақ»**, – делі. Мүминдер өздерінен бұрын Пайғамбарды жақсы көрмейінше, иманның кемел дәрежесіне жете алмайды. Бұл – олардың балалары мен әкелерін жақсы көруінен жоғары», – деген. Ал сүннеттен келген дәлелдердің бірі – Әбу Һурайрад (оған Алла разы болсын) жеткен хадис. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Сендердің ешқайсыңары мені әкелеріңнен де, балаларыңнан да және барлық адамдардан да артық жақсы көрмейтін, толық иман келтірген болып саналмайсыңдар»**. Адамның бойында ата-анасына, балаларына, туған-туыстарына және тіпті өзіне деген табиғи сүйіспеншілік бар. Алайда иман кемел болуы үшін Алла елшісіне (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) деген сүйіспеншілік осының бәрінен жоғары тұруы қажет. Шынайы сүйіспеншілік адамды өзі сүйген тұлғаға жақындатады, оның жолын ұстануға ынталандырады және ақыретте онымен бірге болуға үміттendirді. Сондықтан Алла елшісіне (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) деген сүйіспеншілік жай сезіммен шектелмеуі керек. Ол жүректе орныққан махаббат, ақылмен бекіген таным және амал арқылы көрініс табу қажет. Міне сонда ғана ол мұсылманның иманын кемелдендіреді, оны Пайғамбар сүннетіне берік болуға жетелейді.

Нұрболат АБЖАППАРҰЛЫ,
Діни сараптама бөлімінің маманы

● ЕЛ ІШІНЕН ЕКІ СҰРАК

ПАЙҒАМБАРДЫ ТҮСІНДЕ КӨРСЕҢ НЕ БОЛАДЫ?

Пайғамбарымызды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистер мен сира кітаптарында сипатталған өзіне тән бейнесінде түсінде көру – мұсылман үшін үлкен қуаныш әрі Алла Тағаланың ерекше нығметтерінің бірі. Бұл жай адамдарды түсінде көргеннен тең емес, ол жүрекке қуаныш, жаңға тыныштық сыйлайтын сүйінші хабар.

Пайғамбарды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) түсінде көрген адам оның шынайы бейнесін көрген болып саналады. Өйткені шайтан Алла елшісінің бейнесіне ене алмайды. Себебі Пайғамбардың өзі: *«Кімде-кім мені түсінде көрсе, расында мені көргені. Өйткені шайтан менің бейнеме ене алмайды»*, – деген (Бұхари, Ибн Хиббан). Тағы бір хадисте: *«Кім мені түсінде көрсе, ояу кезінде де мені көреді»*, – делінген (Бұхари, Мұслим). Ғалымдар бұл хадистегі «ояу кезінде де мені көреді» деген сөзді әртүрлі түсіндірген. Кейбір ғалымдар мұны Пайғамбарымызды Қиямет күні ояу күйде көру деп түсіндірсе, енді бір ғалымдар оның бұл дүниеде де Алла елшісін көруі мүмкін екенін айтқан (Абдуллатиф Абдулғани Хамза, «Хукму руяту ән-нәби фи әл-әжиза», Мысыр патуа үйінің ресми сайты №44536 патва 1981 жыл).

Пайғамбарымызды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) түсінде көру адамның рухани дүниесіне үлкен әсер етеді. Мұндай көрініс Алла елшісіне деген махаббатты арттырып, оның сүннетін берік ұстануға, Алланың мейіріміне жакындауға, тәубеге келуге және ізгі амалдарды көйбейтуге ынталандырады. Адамның иманын күшейтіп, құлшылығына көбірек көңіл бөлуіне, көркем нәзізге ұмтылуына және Пайғамбарымыздың өнегелі жолын өмірінде ұстануына себеп болуы мүмкін. Сондай-ақ Алла елшісін түсінде көрген адамның өмірінің соңы жақсы болатыны, кедей болса, Алла Тағала мал-дүниесіне береке беретіні, қағырып жүрсе, қағығысынын сейілетіні, ауырып жүрсе, шипа табатыны және баска да көптеген пайдасы бары айтылған. Алайда мұндай түстен белгілі бір шарғи үкім шығаруға болмайды. Имам Шатыбі бұл мәселені былай түсіндіреді: «Кейбір адамдар: «Түсімде Пайғамбарды көрдім. Ол маған пәлендей нәрсе айтты және мынадай істі бұйырды»



ды», — деп, түсінде көргеніне сүйеніп амал етеді. Тіпті шариятта белгіленген үкімдерден бас тартып жатады. Бұл қате. Өйткені пайғамбарлардан өзге адамдардың түсіне сүйеніп, шарғи үкім шығарылмайды. Түсінде көрген нәрсесі шарғи үкімдерге сәйкес келсе ғана, соған сай амал етуге болады. Ал егер Құран мен сүннетке қайшы келсе, одан бас тартып, оны елемей қажет. Түстің негізгі пайдасы — сүйінші немесе ескерту беру. Ал түске сүйеніп діни үкім шығару дұрыс емес» («Әд-Джихад», 2/318).

Корыта айтканда, Пайгамбарымызды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) түсінде көру — мұсылман үшін үлкен қуаныш әрі рухани сүйінші. Мұндай түс адамның Алла елшісіне деген сүйіспеншілігін арттырып, сүннетін берік ұстануға, иманын күшейтуге және ізгі амалдарды көбейтуге ынталандырады. Сондай-ақ ол адамның өміріне береке, көңіліне тыныштық, қайғысына жеңілдік, сырқатына шипа келуіне себеп болуы мүмкін. Алайда түске сүйеніп, шариғи үкім шығаруға болмайды. Түстің мазмұны Құран мен сүннетке сәйкес келсе, одан ғибрат алып, жақсылыққа жорыған жөн. Ал діни үкімдер мен амалдардың негізін Құран мен сүннеттен іздеу қажет.

САЛАУАТТЫ ҚЫСҚАРТЫП ЖАЗУҒА БОЛА МА?

Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) салауат айту – Алла Тағаланың рақымына бөленуге себеп болатын ең абзал амалдарының бірі. Алла Тағала Құранда былай дейді: «Шын мәнінде, Алла және Оның періштелері Пайғамбарға салауат айтады. Уа, иман келтіргендер! Сендер де оған (Пайғамбарға) салауат пен саламаттылық тілеңдер!» (Ахзаб, сүресі, 56-зат).



Хадисте: «*Кім маған бір рет салауат айтса, Алла оған он рет салауат айтпады, он күнәсін кешіреді және он дәрежесін көтереді*», – делінген (Нәсиі). Алла тарапынан болған салауат рақымына бөлеу, періштелердің салауаты истиффарияғи жарылқау тілеу, ал пенденің салауаты дұға-тілек болып саналады. Демек салауат айту – сауапты амал әрі мұсылманның Пайғамбарымызға деген сүйіспеншілігі мен құрметінің айқын белгісі. Сол үшін Алла елшісінің есімі аталғанда немесе жазылғанда оған салауат айтуға мән берген жөн. Ал оның есімін жазғанда салауатты «с.с.» немесе «с.а.у.» деп қысқартуға келсек, бұған байланысты ғалымдардың еңбектерінде мәқұрү екені жөне одан сақтану керектігі айтылған. Имам Ибн Салах, Имам Нәуауи, Иснауи, Ирақи, Сахауи және басқа да ғалымдар Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) есімі аталған сайын салауат пен сәлемді толық жазуға, оны қайталаудан жалықпауға үндеген. Олар салауатты қысқартып жазу толық салауат пен сәлемнің орнына жүрмейді әрі Пайғамбарымызға деген құрметті білдірмейді деп бағалаған (Шәуқи Ибраһим Ағләм, «Пайғамбарымызға салауат пен сәлемді жазудың немесе қысқартудың үкімі», Мысыр патуау үйінің ресми сайты, №7862 патуа, 2023 жыл).

Хафиз әл-Ираки: «Пайғамбарымызға (оған Алланың салауатты мен сәлемі болсын) салауатты жазуда екі ғәріппен немесе соған ұқсас белгімен аңпа көрсету немесе жазу – мәкруһ», – деген («Шәрху әт-тәбәриати уә әт-тәзкіриати, 1/477). Шағият ғалымы әл-Ғәләмауи өлд-Дамашки: «Алдыңғы және кейінгі буын ғалымдарының әдеті «оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын» деп толық жазу болған. Бұл Құрандағы: «Оған (Пайғамбарға) салауат пен саламаттылық тілендер» деген бұйрыққа сай келеді. Сондықтан кейбіреулер секілді салауатты жазуда қысқартпау қажет және оны қайталаудан жалықпау керек», – деген («Әл-Ақду әт-тәлид фи ихтисари әл-дурри ән-неһиді, 348).

Түйіндей келгенде, Пайғамбарымызға салауат пен сәлемді «с.ғ.», «с.а.у.» немесе басқа да қысқартылған белгілері мен жазу — ғалымдар құптамаған амал. Өйткені бұл үлкен сауаптан құр қалдыруға, Алла елшісіне (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) деген әдепсіздік пен құрметсіздікке әкелуі мүмкін. Сондықтан Алла елшісінің есімі аталғанда немесе жазылғанда салауат пен сәлемді толық айтып, «оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын» деп жазған абзал.

Дайындаған
Бауыржан ӘБДУӘЛІ

ПАЙҒАМБАРДЫ ЖАҚСЫ КӨРУДІҢ МӘНІ

■ Алла елшісін (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жақсы көру дегеніміз – жүрегіміздің Пайғамбарға ерекше ықыласпен ұмтылып, оны өзіміздің нәпсімізден, ата-анамыздан, балаларымыздан және күллі адамнан артық жақсы көруіміз.



Сүйіспеншілік – адам жүрегінің өзіне ұнайтын өзі өзі қалаған нәрсеге бейім болуы. Бұл бейімділік кейде адамның сезім мүшелері арқылы қабылдайтын нәрселерге байланысты қалыптасады. Мысалы, адамның көркем келбетке, жағымды дауысқа, дәмді тағамға, тағы басқа дүниелерге қызығуы мен сүйсінуі. Ал кейде адам белгілі бір нәрсені ақылымен танып, оның қадір-қасиеті мен ішкі мәнін түсіну арқылы жақсы көреді. Бұған ізгі адамдарды, ғалымдарды құрметтеп, жақсы көру жатады. Осы сүйіспеншіліктің барлық себебі Алла елшісінен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бойында тоғысқан. Өйткені ол сыртқы және ішкі көркемдіктің, ұлы қасиеттер мен кемел мінездің, сан алуан ізгіліктің ең биік үлгісін көрсетті. Сонымен қатар ол бүкіл мұсылман үмбетіне тура жол көрсетіп және тозақ отынан құтылуға көмек болу арқылы өлшеусіз жақсылық жасады. Сондықтан біздің Алла елшісіне деген сүйіспеншілігіміз бірнеше қырынан көрініс табады.

Біріншісі – білім мен таным арқылы жақсы көреміз. Біз Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өмірбаянын, хадистерін, ұстанған жолы мен сүннетін оқып-үйренеміз әрі жаттаймыз. Сүннеттерді, мұстахаб (ұнамды істер)

амалдарды, басқа да ілімдерді меңгеруге ұмтыламыз. Өйткені адам өзі жақсы көрген тұлғаны тануға, оның өмірі мен өнесін білуге талпынады.

Екіншіні — жүрек арқылы жақсы көреміз. Бұл — жүректе орныққан терең сезім, толқыған жан дүние мен тасқын-даған сүйіспеншілік. Адамның жүрегі мен жаны Алла елшісін (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бойындағы сыртқы және рухани көркемдікке, ұлы мінез-құлық пен кемеі қасиеттеріне байланысты ерекше ынтымағы

Үйішпiздiң — дене мүшелерi аркылы жақсы көреміз. Яғни жүректегі сүйіспеншілікті оның сүннетіне еру, амалдары мен істерін үлгі ету және көрсеткен жолын іс жүзінде орындау арқылы білдіреміз. Сол кезде ғана Алла елшісіне (оған Алланың сәлауаты мен сәлемі болсын) жүргізілген әрі жанұмызбен, ақылмызбен әрі ойымызбен, сондай-ақ барлық дене мүшемізбен, мінез-құлқмызбен және амалдарымызбен жақындаймыз. Сонда ғана бұл сүйіспеншілік кемелдікке жетеді. Ол шынайы, таза, ақиқатқа негізделген, іс жүзінде көрініс табатын әрі жүреkte орныққан сүйіспеншілікке айналады. Осылайша Пайғамбарға деген сүйіспеншілігіміз барлық қырынан толық қалыптасады.

Алла елшісіне (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) деген сүйсіпеншілік – жүрек амадларының ең ұлысы. Ол – мұсылманның жүрегінде орнығатын ішкі рухани күй, жан дүниесін толқытатын ізгі сезім. Алайда әр адам бұл сүйсіпеншілікті әртүрлі дәрежеде сезінеді. Оның денгейі алланың иманының күштілігіне немесе әлсіздігіне қарай өзгереді. Иман күшейген сайын Алла елшісіне деген сүйсіпеншілігі те терендеп, жүрекке орныға түседі. Бұл сүйсіпеншілік адамның танымына, сезіміне және амына әсер етіп, оның Пайғамбар сүннетіне деген беріктігін арттыра береді.

Пайғамбарды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жақсы көру – әр мұсылманға міндет. Алла Тағала бізге Өзінің елшісін жақсы көруді міндеттеді және оған қарсы келетіндерге қатаң ескерту жасады: Алла Тағала Құранда былай деді: «Айт: «Егер әкелерін, балала-



(Басы 1-бетте)

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадис-шәріпте: **«Білімді талап ету — әрбір мұсылманға парыз»**, — деп, білім алудың әрбір ер және әйел мұсылманға міндет екенін айтқан (Ибн Мәжа). Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) осындай тәлімін көрген сандақ сахабалар білімнің маңызын ерекше бағалап, оны бәрінен артық қоя білді.

Білім — адамның абыройын арттыратын қазына, ал иман — сол қазынаның шамшырағы. Екеуі тоғысқан жерде елдің болашағы жарқын болады. Білімді адамның екі дүниеде дәрежесі биік. Бұл туралы Алла Тағала қасиетті Құранның «Мужәдәлә» сүресінің 11-аятында: **«Алла Тағала сендерден иман келтіргендер мен ғылым берілгендердің дәрежесін арттырады. Алла сендердің істегендеріңнен хабардар»**, — деп баяндайды.

Бір күні атакты сахаба Ибн Аббасқа (оған Алла разы болсын) Басра қаласынан арнайы келген бір жолаушы: «Дүние артық па, әлде білім артық па?» — деп сұрайды. Сонда Ибн Аббас: «Білім артық», — деп жауап береді. Әлгі адам: «Оны қалай дәлелдейсің?» дегенде, ол: «Дүние — перғауындардың мирасы, ал білім — пайғамбарлардың мирасы. Дүниені Алла Тағала кез келген құлына береді, білімді тек сүйген құлына ғана береді. Дүниені жұмсаған, таусылып қалады. Ал білімді қанша жұмсаған да таусылмайды, керісінше арта түседі. Дүние жиған адам қияметте қайдан алып, қалай жұмсағаны жайлы сұралады. Бірақ білімді адам қияметте білім алғаны үшін де, оны жұмсағаны үшін де мол сауапқа кенеледі», — деп жауап берген екен. Ата-бабаларымыз «Өнер — ағып жатқан бұлақ, ілім — жанып тұрған шырақ», «Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні ғаріп», «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл», «Білегі күшті бірді жығады, білімі күшті мыңды жығады» деп білім алудың артықшылықтары

ИМАНМЕН ҰШТАСҚАН БІЛІМ ЖҮРЕКТІ ТӘРБИЕЛЕЙДІ

жөнінде дана сөздер қалдырған. Өкінішке қарай бүгінгі таңда білім ұғымын кейде тек дипломмен немесе қызметпен өлшейтін көзқарас кездеседі. Алайда асыл дінімізде білім ең алдымен адамның мінезін көркейтіп, жүрегін тәрбиелеуі қажет екені айтылады. Білімі көп болғанымен әдебі жоқ адам қоғамға пайдасынан гөрі зиянын тигізуі мүмкін. Ал иманмен ұштасқан білім адамды әділетке, жауапкершілікке және ізгілікке жетелейді.

Имам Әбу Ханифа (оны Алла рақымына алсын) шәкірті Әбу Юсуфқа: «Он жылдап көсіпсіз, азықсыз ғұмыр кешсең де білімнен сырт айналып кетпе! Білімнен сырт айналсан, өміріңнің, тұрмысыңның ауыртпалығы арта түседі. Білімге деген қызығушылықты арттыру үшін әрбір шәкіртті балаңдай көріп, білім беруге күш сал! Алған білімнің дүниеде және ақыретте қызығын көрөмін десең, жақсылықтан қол үзбе! Талабың таудай болсын! Себебі талабы кішірейген адамның мәртебесі де төмендей береді», — деп өсиет айтқан. Ойшыл Аристотельдің: «Білімнің тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті», — деген қанағатты сөзі білім алудың мәнін аша түседі. Адамның білімге ұмтылуы әрдайым жеңіл жолмен жүзеге аса бермейді. Сабақ оқу, үздіксіз іздену, қателіктерден сабақ алу және жана дүниені меңгеру адамнан үлкен күш-жігер мен табандылықты талап етеді. Алайда осы қиындықтардың нәтижесінде адам өз білімін жетілдіріп, дүниетанымын кеңейтеді және өмірде дұрыс шешім қабылдай алатын деңгейге жетеді. Сондықтан білім жолындағы уақытша қиындықтардан қорықпай, оның болашақтағы пайдасын түсіну маңызды.

Бүгінгі оқушы — ертеңгі дәрігер, инженер, мұғалім, ғалым, журналист немесе ел мүддесі үшін қызмет ететін азамат. Сондықтан әрбір ата-ана баласының сөмкесіне кітап қана емес, жүрегіне адалдық, жауапкершілік және имандылық дәннің бірге салуы қажет. Ғұлама әл-Фарабидің: «Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы», — деген сөзі бар. Себебі білімнің берекесі тәрбиеде. Себебі білім мен тәрбие қатар жүрсе, елдің болашағы жарқын болмақ. Ал тәрбиенің негізі ұлттық құндылықтарға сүйенгенде ғана оның жемісі байанды болады.

Ұлттық құндылықтар — халқымыздың сан ғасырлық өмір тәжірибесінен қалыптасқан асыл мұрамыз. Оған ана тіліміз, салт-дәстүріміз, әдет-ғұрпымыз, ұлттық мәдениетіміз, тарихымыз, рухани байлығымыз бен ата-бабадан қалған өнегелер жатады.

АДАМДЫ ӨЗГЕЛЕРДЕН ЕРЕКШЕЛЕНДІРЕТІН ЕҢ ҮЛКЕН ҚАСИЕТТЕРДІҢ БІРІ — БІЛІМ. АЛ БІЛІМГЕ БАСТАЙТЫН ЕҢ СЕНІМДІ ЖОЛДЫҢ БІРІ КІТАП ОҚУ ЕКЕНІ ТҮСІНІКТІ. КІТАП — АҚЫЛДЫҢ АЗЫҒЫ, РУХТЫҢ ШИПАСЫ, ПАРАСАТТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ. КІТАППЕН ДОС БОЛҒАН АДАМНЫҢ ОЙ-ӨРІСІ КЕҢЕЙІП, ДҮНИЕТАНЫМЫ ТЕРЕҢДЕП, ӨМІРГЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫ КЕМЕЛДЕНЕ ТҮСЕДІ.

КІТАП ОҚУДЫ ӘДЕТКЕ АЙНАЛДЫРАЙЫҚ!



Ислам діні адамзатты ең алдымен оқуға, ізденуге шақырды. Қасиетті Құранның алғашқы түскен аяты: **«Оқы! Жаратқан Раббыңның атымен оқы!»** — деп басталады («Алақ» сүресі, 1-аят). Бұл аят мұсылман баласының өміріндегі оқу мен білімнің қаншалықты маңызды екенін баяндайды. Алла Тағала тағы бір аятта: **«Раббым! Білімді арттыра гөр!»** — деп дұға етуді үйретеді («Таһа» сүресі, 114-аят). Демек білім алу белгілі бір жаспен немесе оқу орнымен шектелетін іс емес. Кітап — өткен мен бүгінді, Шығыс пен Батысты, ғылым мен даналықты байланыстыратын алтын көпір. Адам бір кітап оқу арқылы талай ғалымның өмірлік тәжірибесін, ғасырлар бойы жинақталған даналықты бойына сіңіреді. Сондықтан кітап оқуға кеткен уақыт ешқашан босқа кеткен уақыт емес.

Хәкім Абай Құнанбайұлы: «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге», — деп жастарды кітаптан білім іздеуге шақырған. Бұл сөз бүгінгі күні бұрынғыдан да маңызды. Өйткені

ақпарат көбейген сайын, шынайы білімнің кәдірі арта түсуде. Ахмет Байтұрсынұлы: «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек», — деп халықтың өркендеуінің негізі білімде екенін атап өткен. Бүгінгі таңда ақпаратқа қол жеткізу бұрынғыдан әлдеқайда жеңіл. Бірақ ақпараттың көп болуы адамның кітап оқитынын білдірмейді. Әлеуметтік желілер мен қысқа бейнероликтерге тәуелділік кітап оқуға бөлінетін уақытты азайтып барады. Соның салдарынан терең ойлау, сараптау, талдау қабілеті әлсіреуі мүмкін. Сондықтан әрбір адам кітап оқуды саналы түрде күнделікті дағдысына айналдыруы қажет.

Кітап оқу адамның сөздік қорын байытады, ойын жүйелеуге үйретеді, дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастырады. Көп оқыған адамның ойы орнықты, пікірі салмақты болады. Мұндай адам кез келген мәселеге байыппен қарап, асығыс шешім қабылдамайды. Отбасында кітап оқу

мәдениетін қалыптастырудың маңызы зор.

Баланың кітапқа деген қызығушылығы ата-ананың үлгісінен басталады. Үйде кітап оқылып, оқыған кітаптар жайлы пікір алмасып отырса, бала да кітапты өмірінің ажырамас бөлігі ретінде қабылдайды. Сондықтан әрбір шаңырақта шағын кітапхана болғаны абзал. Қазақтың көрнекті жазушысы Мұхтар Әуезов: «Халық пен халықты, адам мен адамды тенеңіретін нәрсе — білім», — деп білімнің қоғамдағы орнын ерекше бағалаған. Ал білімнің негізгі қайнарларының бірі — кітап.

Бауыржан Момышұлы: «Кітап — ақылды қуаттандыратын құрал», — деп, кітаптың адамның рухани өсуіндегі маңызын айқын көрсеткен. Батырдың өзі өмір бойы кітап оқуды тоқтатпаған, әскери тәжірибесін де, өмірлік ұстанымын да үздіксіз ізденіспен толықтырып отырған. Ағартушы ұстаз Ыбырай Алтынсарин жастарды білімге шақырды: «Кел, балалар, оқылық!» — деп ұн қатты. Бұл үндеу қазақ қоғамын қараңғылықтан білімге бастайтын шамшыраққа айналды. Бүгінгі ұрпақ та осы аманатқа адал болуы тиіс.

Кітап оқу тек дүниелік ғылымдарды меңгеру үшін ғана емес, рухани тәрбие алу үшін де қажет. Құран Кәрімді, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерін, ғұламалардың еңбектерін оқу адамның иманын күшейтіп, мінезін көркейтеді. Сонымен бірге тарих, әдебиет, философия, психология, жаратылыстану ғылымдары бойынша кітаптарды оқу дүниетанымы кеңейтіп, өмірлік тәжірибені байытады. Сондықтан кітап оқуды әдетке айналдырған абзал.

Мұхамеджан
ЕСТЕМІР

Осындай құндылықтарды бойына сіңіріп өскен жас ұрпақ елін сүйетін, жерін қадірлейтін, ұлттық намысы жоғары, жауапкершілігі мол азамат болып қалыптасады. Аллаға шүкір, бүгінде халқымыздың тағылымға толы тәрбиесі ғасырлар бойы үзілмей жалғасып келеді. Елін қорғаған батырлар да, халыққа жол көрсеткен билер мен ақын-жыраулар да кейінгі ұрпаққа өнеге қалдыруды басты мақсат етті. Сондықтан бүгінгі қоғамда ұлттық құндылықтарды дәріптеп, оны тәрбие жұмысының өзегіне айналдыру баршамыздың ортақ міндетіміз болып қала береді.

Қазіргі жас буын заман талабына сай білімді, бәсекеге қабілетті ғана емес, өз ұлтының мәдениеті мен тарихын құрметтейтін, ұлттық болмысын сақтай білетін тұлға болып өсуі қажет. Өйткені ұлттық рухы мықты ұрпақ қана елдің болашағын қалыптастыра алады. Осындай саналы әрі ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеуде отбасының орны ерекше. Тәрбиенің алғашқы мектебі де, баланың тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін негізгі орта — оның отбасы. Қазақ халқы «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деп бекер айтпаған. Сондықтан әрбір ата-ана баласына ұлттық тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді және ата дәстүрін кішкентайынан сіңіре білсе, елдің ертені де жарқын болмақ.

Әрине, қоғамның дамуы мен ұлттың кемелденуі ұстаздың еңбегіне де тікелей байланысты. Себебі жас ұрпақтың бойына білім мен тәрбие дарытып, олардың болашағына бағыт-бағдар беретін тұлға — ұстаз. Сондықтан да ұстаздың қоғамдағы орны ерекше. Хәкім Абай:

*Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.*

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға, — деп, ұстаздық қызмет үлкен жауапкершілікті, адал еңбекті талап ететінін айтқан. Ақынның бұл өлеңі ұстаздың әрбір ісі мен сөзі шәкірттің дүниетанымы мен

мінезінің қалыптасуына ықпал ететінін аңғартады. Сондықтан педагог әрқашан сабырлы, парасатты, байыпты болып, әрбір қадамын ойланып басуы қажет.

Асыл дінімізде ұстаздың орны ерекше. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) адамдарға ең әуелі ұстаз болды. Ол білімді өзгеге жеткізуді ең үлкен сауапты амалдардың бірі ретінде көрсетті. Сондықтан мектептегі әрбір мұғалім пән үйретуші ғана емес, болашақ ұрпақтың тұлғасын қалыптастырушы екенін ұмытпаған жөн.

Ыбырай Алтынсариннің: «Жаста берген тәрбие — жас шыбықты игендей», — деген нақыл сөзі жас ұрпақ тәрбиесінің маңызын айқын көрсетеді. Халқымыздың сан ғасырлық тарихынан бастау алатын рухани мұраны жас буынның бойына сіңіру арқылы ғана ұлттық құндылықтарымыз нығайып, еліміздің әлемдік мәдениет кеңістігіндегі орны айқындала түседі.

Еліміздің ертені білімді, тәрбиелі әрі иманды ұрпақтың қолында. Сондықтан мектепке қадам басқан әрбір балаға білімнен бірге ізгілік, парасат және Отанға деген сүйіспеншілік серік болсын! Ұстаздардың еңбегі берекелі, ата-аналардың тілегі қабыл, шәкірттердің талабы таудай болғай!

Кенжетай
БАЙКЕМЕЛҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасының
орынбасары, наиб мүфти



ЖУЫРДА ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ, БАС МҰФТИ НАУРЫЗБАЙ ҚАЖЫ ТАҒАНҰЛЫ ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕ ЖАНАДАН ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ЖАС МАМАНДАРҒА ҚЫЗМЕТТІК ЖОЛДАМА БЕРУ ЖИЫНЫНДА ДІНИ ҚЫЗМЕТКЕ КЕЛГЕН АДАМ БІЛІМ АЛУДА ЕШҚАШАН ЖАЛЫҚПАУЫ ҚАЖЕТ ЕКЕНІН ЕРЕКШЕ АТАП ӨТТІ.

ЗЕРДЕЛІ БОЛУ — ЗАМАН ТАЛАБЫ

«Халықтың діни сауалы көп, қоғамның мәселесі сан алуан, ал заман болса күн сайын өзгеруде. Бүгінгі имам Құран мен хадисті ғана емес, фикһ, ақида, сира, Ислам тарихы, Қазақстан және әлем тарихы, дін психологиясы, салт-дәстүр, отбасы құндылықтары, жастар тәрбиесі, ақпараттық сауаттылық секілді бағыттарды да меңгеруге ұмтылғаны жөн. Алла Тағала Құранда: **«Білетіндер мен білмейтіндер тең бола ма?»** («Зумәр» сүресі, 9-аят), — деп баяндайды. Иmanın халық алдында абыройын арттыратын ең негізгі қасиеттердің бірі — оның білімі. Білім алу

номия, медицина, химия, география, философия және басқа да көптеген ғылым салаларында әлемдік өркениетке өлшеусіз үлес қосты. Әл-Хорезми, Ибн Сина, әл-Бируни, әл-Фараби сияқты ғұламалардың еңбектері адамзат ғылымының дамуына зор ықпал етті. Олар ғылымды Алланы танудың, адамзатқа қызмет етудің маңызды жолы деп білді.

Қазақ халқы да білімді ерекше қастерлеген. Абай Құнанбайұлы жастарды «Ғылым таппай мақтанба» деп білімге үндесе, Ыбырай Алтынсарин халықты оқу-білім арқылы өркениетке жетелеуді көздеді.



маңызды амал болса, сол алған білімді дұрыс жеткізе білу — одан да маңызды іс. Кейде адам дұрыс нәрсені дұрыс тәсілмен айтпағандықтан, пайдалы насихаттың өзі кері әсер беруі мүмкін» деді ҚМДБ Төрағасы.

Расында, Бас мүфти айтқандай, бүгінгі дін қызметкерлері біліммен бірге хикметті, яғни даналықты да меңгеруі қажет. Құранда: **«Раббыңның жолына даналықпен әрі көркем уағызбен шақыр»**, — делінген («Нахыл» сүресі, 125-аят). Бұл дін қызметкерінің негізгі ұстанымдарының бірі болуы тиіс. Иманлы біліммен бекемдеген адамның сенімі кездейсоқ пікірлерге тәуелді болмайды. Ол діни мәселеде әркімнің сөзіне ермей, дәлелге сүйенуді үйренеді. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Алла кімге жақсылық қаласа, оған дінде терең түсінік береді»**, — деген (Бұхари, Мүслим). Бұл хадис дінді дұрыс түсінудің үлкен нығмет екенін көрсетеді.

Шын мәнінде, діни білім кез келген адамның мінезінен көрінуі қажет. Егер адам діни білім алып, бірақ ата-анасына дөрекілік көрсетсе, өзгелерді менсінбесе, өтірік айтса, аманатқа қиянат жасаса, онда оның алған білімінің тәрбиелік нәтижесі бойынан көрініс таппай отыр деген сөз. Ғалымдарымыз білім адамды кішіпейілділікке бастауы тиіс екенін айтқан. Расында адамның шынайы білімі артқан сайын ол өзгелерді емес, өзін тәрбиелеуге ден қояды.

Ислам өркениетінің алтын дәуіріне көз жүгіртсек, мұсылман ғалымдары діни ғылымдарда ғана емес, математика, астро-

Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы секілді Алаш зиялылары елдің болашағын білімді ұрпақпен байланыстырды.

Білім адамның ойын кеңейтеді, дүниетанымын байытады, дұрыс пен бұрысты ажыратуға үйретеді. Білімсіздік — аласудың, жалған ақпаратқа еріп кетудің және түрлі теріс ағымдардың жетегінде кетудің басты себептерінің бірі. Сондықтан мұсылман әрбір ақпараттың ақиқатын тексеріп, сенімді дерекке сүйенуі қажет.

Бүгінгі ақпараттық ғасырда білім алу бұрынғыдан да маңызды. Ғылым мен технология күн сайын дамып келеді. Жасанды интелект пен цифрлық технологиялар адамзат өміріне тын мүмкіндіктер әкеліп жатыр. Осындай кезеңде жастарымыздың, әсіресе жас дін қызметкерлерінің заманауи ғылымды меңгеруімен қатар, ұлттық және рухани құндылықтарға берік болуы — уақыт талабы. Осы ретте «Шымкент» медресе-колледжінің білімді, тәрбиелі маман даярлау бағытында жемісті қызмет етіп келе жатқанын атап өткіміз келеді.

Дегенмен білімнің мақсаты тек диплом алу немесе жоғары қызметке жету ғана емес. Нағыз білім адамды кішіпейілділікке, жауапкершілікке, әділдікке және елге қызмет етуге жетелейді тиіс. Егер алған біліміміз қоғам игілігіне жұмсалмаса, оның толық пайдасы болмайды. Сондықтан әрбір маман өз саласында адал еңбек етіп, көсібін жетік меңгеруге ұмтылғаны жөн.

Талғат ӘСЕМБАЙ,
«Шымкент» медресе-колледжінің директоры

